

"Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы" 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 144-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы" 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне енгізісін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2015 жылғы 18 желтоқсандағы
№ 144-ө өкімімен
бекітілген

"Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы" 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық немесе құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Жауапты мемлекеттік органдар	Орындалу мерзімі	Жауапты тұлға
1	2	3	4	5	6
1.	"Астана" халықаралық қаржы орталығын басқару жөніндегі кеңес туралы ережені және оның құрамын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	ҰБ (келісім бойынша), ҰЭМ, Қаржымині	2015 жылғы желтоқсан	Ғ.О. Пірматов
2.	"Астана" халықаралық қаржы орталығы аумағының шектерін айқындау туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	ҰБ (келісім бойынша), ҰЭМ, Қаржымині, Астана қаласының әкімдігі	2015 жылғы желтоқсан	Ғ.О. Пірматов

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҰЭМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ҰБ - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК